

Махамбет ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария үйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру туралы

### ***Күшін жойған***

Атырау облысы Махамбет ауданы мәслихатының 2015 жылғы 22 қыркүйектегі № 321 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 20 қазанда № 3318 болып тіркелді

**Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Махамбет аудандық мәслихатының 21.09.2016 № 60 шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "АгроОнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18 бабының 5 тармағына және Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 21-1 бабына сәйкес, аудандық маслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Махамбет ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария үйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін 5000 (бес мың) теңге мөлшерінде аудандық бюджет қаражаты есебінен бір жолғы әлеуметтік көмек берілсін.

Аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 24 қазандағы № 233 "Махамбет ауданының ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария үйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3039 рет санымен тіркелген, 2014 жылғы 13 қарашада "Жайық шұғыласы" газетінде жарияланған) мемлекеттік тіркеуден өткен шешімінің күші жойылды деп танылсын.

Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың заңдылықты сақтау, экономика және бюджет мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрайымына (Ш. Торбаева) жүктелсін.

Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап

күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он  
күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың кезекті  
35-сессиясының төрағасы*

*Аудандық мәслихат хатшысы*

*A. Есқаринев*

*A. Құрманбаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК